



**БӘРІН ШЕШЕТІН
МЫҚТЫ КАДРЛАР**

3



**XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢА СЫНАҒЫ немесе
АУТИЗМ АУРУЫ НЕГЕ АРТЫП ЖАТЫР?**

4

№05 (697). 31 қаңтар, 2025 жыл

Өзгеі сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ: ҰСЫНЫС ПЕН ҚАРСЫЛЫҚ

Үкімет пен Парламент жаңа Салық кодексіне қатысты ұстанымдарын жария етті. Тараптардан ұстанымдарын жақындастырып, барынша жылдам ортақ тоқтамға келу талап етілуде. Содан соң Салық кодексі қабылданады.

Дау тудырған өзгерістердің бірі – банк операцияларына қосылған құн салығын (ҚҚС, орысша нұсқасы – НДС) салу болып отыр. Үкімет бұл тапшылығы тарихта болмаған рекордтық көлемге жеткен бюджетті толтыру үшін қажет екенін айтып отыр.

Ал, Мәжіліс әзірге банк операцияларына ҚҚС енгізуді қолдамай тұр. Нақтылағанда, бір топ депутат мұны болдырмауға күш салмақ. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов хабарлады.

"Үкіметтің банктік аударымдар мен басқа да банк операцияларына ҚҚС енгізу ұсынысы ақылға қоныссыз! Қазірдің өзінде банктер арасындағы аударымдар құны, ҚҚС енгізіледі деген болжаммен өсіп жатыр. Банктің картасынан басқа банктерге аударым 150 теңгеден 200 теңгеге дейін қым-

баттады. ҚҚС қосылса, бұл банктердің емес, қарапайым азаматтардың шығындарын одан әрі арттырады. Біз бұл норманы қабылдамауды және негізгі қаржылық қызметтер бағасының өсуіне жол бермеуді ұсындық", – деді ол.

Оның айтуынша, бірқатар депутат жаңа Салық кодексінің жобасына осындай түзету енгізді.

Ұлттық экономика министрлігінің мәлімдеуінше, бұл салықтың банк клиенттеріне қатысы жоқ, ол тек банктердің өзінен жиналады. Ал, депутаттардың байламынша, банк ол салықты бәрібір клиенттердің мойнына жүктейді, ҚҚС-ті солардың ақша аударымдарынан ұстайды.

"Картадан картаға ақша аудардым, одан 150 теңге комиссия ұстап қалды. Бірақ егер жаңа Салық кодексі жобасында ұсынылған норманы Парламент қабылдаса, онда мұндай әрбір аударым бірден 12%-ға қымбаттап шыға келеді. Экономика министрлігі барлық төлем операцияларына ҚҚС салуды жоспарлап отыр. Салдарынан, пластик карталарға қызмет көрсету, картадан картаға, шоттан шотқа қаржы аудару, шот пен картаға жалақы, жәрдемақы, зейнетақы аудару және басқа банк қызметтері қазіргіден әлдеқайда қымбаттап шыға келеді", – деп түсіндірді депутат Асхат Аймағамбетов Facebook парақшасында.

(Жалғасы 3-бетте).

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



**ҚАЗАҚ ЕР АДАМНЫҢ
КИІМІН НЕГЕ БАСПАҒАН?**

6

Бір суреттің тарихы



БЕРЛИН ҮШІН ШАЙҚАСҚАН ҚАЗАЛЫЛЫҚ ЖАУЫНГЕР ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

1941 жылы «Красная Звезда» газетінде жарияланған жазушы Илья Эренбургтің «Қазақтар» мақаласының желісімен соғыстан соң түсірілген деректі фильмдегі төрт қазақ жауынгерінің окопта туған елінен келген хатты оқып отырған фотосуретін талай көріп жүрсем де, оның ішіндегі бидай өңді, сұлу мұрттысы Қазалының қазағы екенін жақында ғана Күләнда Жиенейқызынан кездейсоқ білдім. Суретті түсірген Роман Кармен (1906-1978) – соғыс жылдарындағы әскери фотожурналист әрі кинооператор. Социалистік Еңбек Ері, КСРО Халық артисі, үш рет Сталиндік сыйлыққа және Лениндік сыйлыққа ие болған кинорежиссер. Москва, Сталинград, Берлин үшін шайқасының кино хроникасының авторы. Ең бастысы, 1945 жылдың 8 мамырында Германияның сөзсіз тізе бұғу туралы актісіне қол қою сәтін түсірген кинооператор. Біздің Рахымжан Қошқарбаевты Рейхстаг алдында фотоға түсірген де сол Кармен еді.

Р.Кармен фотоға түсірген қазақ жауынгері кім?

Қазалы ауданы Сарыкөл ауылдық Кеңесінің орталығы Абай атындағы колхозда 1903 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. Патшаның тақтан тайғанын, азамат соғысы кезіндегі аласапыранды, 1920-1922 және 1930-1933 жылдардағы аштықты басынан өткеріп, қазақтың қынадай қырылғанын көзбен көрді. Соғыс басталғанда қырық жасқа таяп қалған Шамша алдымен еңбек майданына алынады. Магнитогорск қаласындағы артиллериялық снаряд шығаратын заводта 1941-1943 жылдары еңбек етті. Майданға атты әскер құрамына алынды. 1944 жылдың күзінде әскери дайындық аяқталған соң майданға жіберілді. Бұл кезде Қызыл армия кеңес жерін жаудан азат етіп, шығыс және батыс Европа елдеріне аяқ басқан кезі еді. 3-ші Украина майданы жауынгерлері Днестрден өткен соң Балқан түбіндегі Албания еліне келген кезде атты әскерге сұраныс туды. Албания жерінің 70 пайызы – таулы жер. Астанасы Тирана қаласын азат ету, 37-ші армияның қолбасшысы, армия генералы Плеув басқаратын атты механизацияландырылған корпусқа жүктелді. Таулы аймақта тік жолдармен танк және автокөлік жүруі қиындық туғызғандықтан атқа жегілген артиллерия межедегі позицияға дер кезінде жеткізілді. Екі күнге созылған кескілескен шайқастан соң, 1944 жылдың 17 қарашасында Албания астанасы Тирана қаласы румындардан азат етілді.

Шамша Ерімбетов болған атты мехкорпусында қазақ, қырғыз, өзбектер көп болған. Шамасы мұсылмандардың бет әлпеті румындарға ұқсас болғандықтан іріктеліп алынған болуы да мүмкін. Себебі, қолма-қол шайқаста славяндарды жау бірден ажыратып, атыс қаруын қолдануы мүмкін еді. Осындай ауыр шайқастан соң, Шамша жауынгерлермен бірге окопта демалып, елден келген хатты оқып отырған сәтін Роман Кармен түсіріп алғанды.

Соғыс ардагері Шамша Ерімбетов 1968 жылы қайтыс болды.

Бақытжан АБДУЛ-ТҮМЕНБАЙ,
тарихшы, журналист-дайджест



Талғат ТЕМЕНОВ, драматург: «БҰЛ ӨМІРДЕ АДАМДЫ ҚҰРМЕТТЕУДЕН, АДАМДЫ СҮЮДЕН АРТЫҚ БАҚЫТ ЖОҚ»

Шымкент қаласындағы Жұмат Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрында 30-31 қаңтар, 1 ақпан күндері елімізге танымал кинодраматург Талғат Теменовтің режиссерлігімен қырғыздың жауһар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынар» лирикалық драмасы сахналанбақ. Осыған байланысты аталған театрдың көрермен залында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз конференциясы өтіп, режиссер Талғат Теменов журналистердің сауалдарына жауап берді.

– «Қызыл орамалды шынар» – қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың әйгілі шығармаларының бірі. Әлемдік үлкен сахналарда да көрініс тапқан бұл туындыда Айтматовтың басты философиясы, негізгі қағидасы көрініс табады.

– Мен уақыттың ыңғайы келмей, көптен бері қойылым қоймап едім. Оған себеп болған – кино. Сәуір айында «Қара қыз» деп аталатын толықметражды фильм шыққалы отыр. Кино мен театр екеуі – арбаның екі дөңгелегі секілді. Сондықтан театр және кино саласында қатар жүрмін. Дегенмен, қай салада болмасын, мақсат ортақ, ол – көрерменді қуанту. Экран бетінде ыржақай, интеллектуалы төмен, кино өнеріне келе бермейтін арзан дүниелер толып жүрген кезде біз өз еңбегімізбен тек өз еліміздегі ғана емес, сырт елдегі көрермендердің де көңілінен шықсақ деген ойдамыз, – дейді өнертану профессоры.

Сөз арасында Талғат Теменов «Қызыл орамалды шынар» қойылымының әлі күнге дейін сахнадан түспей келе жатуының құпиясына тоқталды.

– Туындының ғұмырлы болуының сыры Айтматовтың өзінде жатыр. Әлемде мыңдаған жазушылар бар. Бірақ соның ішінде адамның жанын, жүрегін зерттеген жазушы – Айтматов. Бұл өмірде адамды құрметтеуден, адамды сүйуден артық бақыт жоқ. Бүгінгі заманда негатив көп, әлеуметтік желіде бір бірінің сыртынан қаншама ғайбат сөздер айтылып жатады. Осындай кезеңде біз адамды құрметтесек, аяласақ өнердің миссиясының орындалғаны деп түсінеміз, – дейді ол.

Режиссер театр шығармашылығы арқылы талай талантты жастардың қанаты қомдалатынын айтады.

– Өнердегі ең басты нәрсе – адамның жаны. Өзгермейтін бір ғана нәрсе бар, ол – адамның жүрегі. Қазақ өнерінің сахнасына айтар ойды сол жүректерге жеткізе білетін жұлдыздар келіп жатыр. Негізгі байлығымыз да – солар. Театрдың таланттар ордасы екенін ескерсе, біз сол талантты, сол бір дарынды жаға білуіміз керек.

Мен режиссер болған киноларда шетелдің белгілі актерлары ойнады. Қарап тұрсақ, актерлардың бәрі бірдей. Мұндағы режиссердің басты мақсаты – сол актердың бойындағы дарынды аша білу.

Қазақ: «Жаны жақсы ағаның етегің баспа, жолың қу, болайын деген баланың бетінен қақпа, белін бу», – дейді. Менің міндетім де сол, шынайы талантты жандардың белін буу, – деп толықтырды өз сөзін Теменов.

«Қызыл орамалды шынар» лирикалық драмасында қырғыз жерінде бой алған оқиға сөз етіледі. Көрініс жол жетегінде ауылдың қарапайым қызы Әсел мен көлік жүргізушісі Ілиястың кездейсоқ танысуынан бастау алады. Бір-бірін бір көргеннен-ақ ұнатып қалған екі жас көп кедергіге қарамастан бас қосады. Ортада бала пайда болып, жас жұбайлар бақытты өмір сүріп жатқанмен, бұл күндер ұзаққа созылған жоқ. Ілияс жұмысында болып жатқан қиындықтарға алаңдап, оны соңы Әсел екеуінің арасының алшақтауына әкеп соғады. Үйіне апталап келмей, «досым» деп жүрген Хадишаға көңілі ауады да, ақырында Әселмен айырылысып тынады.

Уақыт өте келе Әсел де өзге жанның етегінен ұстайды. Өз баласының өзгені «Әке» деп атағанын көрген Ілиястың жүрегі қақ айырылып, өз қателігі үшін өкінеді. Тіпті, қалған өмірін жанына жақын жандармен өткізу үшін қолда бар затын беруге дайын болды. Ал өткенді қайтару мүмкін бе, әлде бәрі кеш пе? Адамдар қолдағы бақытты қадірлемей неге бөгденің жетегіне ереді? Ойланбай басқан қадамның соңы неге әкеп соғады? Міне, спектакль осы және өзге де сұрақтар төңірегінде көрерменді терең ойға бөлейді.

«Қызыл орамалды шынар» лирикалық драмасының Ж.Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасынан көрсетілуіне қала әкімдігі қолдау білдіріп, танымал режиссерды шақыруға мәдениет басқармасы ұйытқы болыпты. Театр директоры Сұлтан Срайлдың айтуынша, аталған қойылымға қаңтардың 30-31 күндеріне билет таусылғандықтан, ақпан айының 1 күніне де касса ашылған.

Алдағы уақытта танымал режиссерлардың қатысуымен тағы да бірнеше қойылымдарды сахналау жоспарда бар. Бұл шымкенттік көрерменге сапалы спектакль ұсынғып, олардың театрға деген қызығушылығын арттыруға себеп болмақ.

Бетгі дайындаған
М.ЫБЫРАЙ

«60 ЖЫЛДЫҚҚА – 60 КІТАП» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Шағаласы шалқыған шежірелі өлкенің құрылғанына 60 жыл толуына орай, Шардара ауданы әкімдігінің бастамасымен «Алтын қорға үлес қос» акциясын қолдау мақсатында «60 жылдыққа – 60 кітап» акциясы жарияланған болатын. Бұл туралы Шардара ауданы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Осы тұрғыда аудандық мәдениет үйінде Шардара ауданының 60 жылдығына орай «60 жылдыққа – 60 кітап» атты акциясы өтті. Шараға аудан әкімі Арман Қарсыбаев арнайы қатысып, акция аясында алтын қорға сыйға әкелген кітаптарын тапсырды.

«Шағаласы шалқыған шежірелі өлкеміздің құрылғанына 60 жыл толуына орай, ауданмен бірге құрылған аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен аудан тұрғындарының рухани дамуына үлесімді қосу мақсатында «Алтын қорға үлес қос» жобасының аясында «60 жылдыққа – 60 кітап» акциясын бастадым. Өткен 2024 жылы аудандық кітапхананың кітап қорына 1500 жуық кітап берілген болса, осы игі бастама жалғасын тауып, жыл соңына дейін кітап атты қа-

зынамыз молайды деген сенімдемін. Кітап адамды тәрбиелесе, кітапхана адамзатты тәрбиелейді. Биылғы жоспарлап отырған ауданымыздың 60 жылдық мерейтойы баршаңызға құтты болсын!» – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ, шараға аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, ауданның «Құрметті азаматы» Қыстау Ілесов қатысып, кітапхана қорына 410 кітабын сыйға тартты. Акцияға әкімдік қызметшілері, ақын, жазушы және көптеген кітап сүйер қауым жиналып қорға 1000-ға жуық кітап өткізді. Бұл акция бүкіл ауылдық округтердегі кітапханаларда бір мезетте ұйымдастырылып, жыл бойына жалғастыру көзделіп отыр.

Шардара ауданының
баспасөз қызметі

АУДАН ТУРАЛЫ:

Шардара ауданы 1964 жылы 31 желтоқсанда құрылып, Сарыағаш ауданына қарасты Абай, Ақтөбе, Ленин жолы, Чапаев және Қызылқұм ауданының Шардара, Жаңашардара ауылдық кеңестері мен Сырдария кенті аудан құрамына енді. Орталығы алғашында Абай ауылы болды. 1968 жылы 9 тамызда Сырдария кентіне Шардара атауымен қала мәртебесі берілді. 1969 жылы 13 қаңтарда Шардара ауданынан Келес ауданы бөлініп шығып, оған Абай, Ақтөбе, Бірлік, Коммунистік, Ленин жолы және Чапаев ауылдық кеңестері берілді де, аудан орталығы Абай ауылынан Шардара қаласына көшірілді.

1965 жылы ақпан айында Абай, Бірлік, ХХІ партсъезд, Келес, Байыркүм, 1969 жылы Сүткент кеңшарлары Шардара ауданының құрамына берілді. 1965 жылы Шардара ауданында ҚР Министрлер Кеңесінің №468 Қаулысымен «Восход», 1967 жылғы №857 Қаулысымен Октябрьдің 50 жылдығы атындағы, 1969 жылғы №339 Қаулысымен «Комсомол», 1971 жылғы №79 Қаулымен «Қазақстан», 1972 жылғы №103 Қаулымен «Целинный», 1977 жылғы №513 Қаулымен «Достық», 1978 жылғы №259 Қаулысымен «Ақ-Алтын», 1981 жылғы №311 Қаулымен Қазақстанның 60 жылдығы атындағы, 1984 жылы №97 Қаулымен «Жиделі», №188 Қаулымен «Жусанды» кеңшарлары бой көтереді. 1985 жылы Жусанды кеңшары таратылып, 1989 жылы қарашада Байыркүм, Жиделі, Аққала кеңшарлары Арыс ауданына берілген.

Шардара өңірі – тарихы мен мәдениеті, өркениеті мен дамуы қатар ұштасқан киелі де шежірелі мекен. Шардара атауының парсы тілінен аударғанда «төрт қақпа» деген мағына беруі – бұл жердің ертеде тоғыз жолдың торабы ретінде керуен жолдарының түйіскен мекенінің болғанының дәлелі. Осылайша бұл өлкенің атауының өзінде де тарихи маңыз бар екенін аңғаруға болады.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРҒА ЖАҢА ИПОТЕКА

Премьер-министр Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Отбасы банкі "Наурыз жұмыскер" жаңа бағдарламасы іске қосылғаны туралы жарияланып, жұмысшы мамандарды баспанамен қамту мәселесі шешілді.



ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ: ҰСЫНЫС ПЕН ҚАРСЫЛЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Оның айтуынша, Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері бұл салық шығыстарын банктердің өздері өтейтінін қайталаудан жалығар емес.

"Бірақ адалын, әділін айтқанда, мұнысы – алдарқату. Банктер шығындарын клиенттеріне арту мүмкіндігін ешқашан қалт жібермейді. Банк – қайырымдылық ұйымы емес. Жұмыс тобында бұл нормаға Ұлттық банк, Қаржыгерлер қауымдастығы, сарапшылар, тіпті "Атамекен" қарсы шықты. Алайда Экономика министрлігі оны бәрібір кодексе жобасына қосып қойды. Мұндай өзгерістер халықтың шығысын арттырады, сондай-ақ елдің қаржы жүйесіне деген сенімін құртады. Бұл бастаманың әрбір адамға қатысы бар! Кезекті салықты қарапайым адамдардың иығына арту қаншалықты әділетті? Бюджеттік дефицит проблемасын басқа жолмен шешу керек", – деді мәжілісмен.



Оның ойынша, Үкімет имидждік және басқа да басымдықты емес шығыстардан бас тартқаны, бюджетті оңды-солды шашпай, барынша ұтымды пайдаланғаны, тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жойғаны, шектен тыс табыс табатын ("сверхдоходы"), олигархтарды байытып отырған салалар үшін салықты арттырғаны жөн.

Шенеуніктер керісінше, әлеуметтік сезімтал салаларда салықтық жеңілдіктерді жоюды жоспарлады. Мысалы, егер Парламент Үкіметтің жетегінде кетсе, қаржы секторындағы келесі қызметтерге ҚҚС енгізіліп, олар қымбаттайды:

Барлық банктік және басқа да ұқсас операциялар;

Төлем карталары, электронды ақшалар, чектер, депозиттік сертификаттар бойынша барлық операциялар;

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) қызметтері;

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтері;

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметтері;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) инвестициялық қорларының операциялары;

Ислам банкінің банктік операциялары;

Банкаралық клиринг бойынша қызметтер және басқалары қымбаттайды немесе қазір тегін болса, кейін ақылыға айналады.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының директоры Бақыт Жұматай әлеуметтік желіде пікір білдіріп, шетелдік озық тәжірибеге назар аударды.

"Олардың ешқайсысында банктер ақша аударымынан 12% комиссия ұстамайды. Мәселен, АҚШ-ға егер сіз тікелей банктік шотыңыздан төлесеніз, комиссия 0%-ды құрайды. Егер кредиттік немесе дебеттік картаны қолдансаңыз, комиссия 3%-ға дейін жетуі мүмкін, әйтсе де одан аспайды. Біздің "жасампаз" экономистер мұндай идеяларды қайдан алады екен? Азаматтардың есебінен үнем қылғуға дайын тұрады. Шынымен бюджет шығыстарын оңтайландырғысы келсе, онда мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардағы негізсіз шығын-

дарды қысқартуы қажет. Бұл әсіресе, шектен тыс қампайтылған штаттарға, негізсіз берілетін бонус-сыйақыларға, тиімділігі күмәнді шетелдік филиалдарды ұстап тұруға қатысты", – деді сарапшы.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаттары бюджетті толтырудың басқа, толымды қайнарларын көрсетіп, Салық кодексі жобасына ұсыныс түрінде енгізді. Бұл ұсыныстардың қабылданып не қабылданбасы әзірге белгісіз. Қазіргі таңда жұмыс тобы деңгейінде талқылануда.

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ТАРАПЫНАН БЕРІЛГЕН ҰСЫНЫСТАР:

Біріншісі – құмар ойындарға салынатын салықты көбейту. Казинолар, букмекерлік кеңселер айтарлықтай қаржылық әлеуетке ие. Соған қарамастан, Үкімет оларға жаңа Салық кодексі жобасында небәрі 10% деңгейінде, яғни, қарапайым азаматтар төлейтін салық мөлшерін ғана қарастырды.

Иә, бұл қолданыстағы деңгейден бірнеше есе жоғары, бірақ бір топ депутат оны екі есеге арттырып, 20%-ға дейін көтеру керек. Бұл бюджетке қосымша жүздеген миллиард теңге түсім әкелер еді.

Екіншіден, алкогольге, ішімдіктің бар-

лық түріне акциз алымын ұлғайту. Алкогольдік өнімдер бірінші қажеттілікке жатпайтын тауар болғандықтан, оған акциздерді арттыру қисынды.

Үшіншіден, трансмайларға акциз енгізу. Трансмайлар – арзан, бірақ өте зиянды, қатерлі ісік ауруларын туындататын канцерогенді заттар. Олар Қазақстанда тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылады.

Еуропа елдерінің күрес тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда трансмайларға акциз енгізу керек. Бұл олардың қолданылуын азайтуға және өндірушілерді табиғи майларға көшуге ынталандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл бюджетке қосымша табыс әкеледі.

Төртіншіден, шенеуніктердің шығындарын оңтайландыру жөн.

"Салықты көбейту – шығындар құрылымын қайта қараусыз мүмкін емес! Егер бюджет кірісімен байланысты проблемалар айқын болса, басымдыққа ие емес шығындарды оңтайландыру логикалық қадам болады. Мемлекет басшысы бұл туралы бұған дейін де тапсырма берген еді. Мемлекеттік органдарға әкімшілік ғимараттар салу, үлкен стадиондар мен концерт залдарын тұрғызу, имидждік шаралар мен форумдар өткізу шығындарын қысқарту қажет", – деді Асхат Аймағамбетов.

Мәжіліс депутаттарының айтуынша, жаңа Салық кодексі келесі жылдан бастап, дәрі атаулыны бұқараға мүлдем қолжетімсіз етуі мүмкін. Өйткені онда "дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ҚҚС енгізу" көзделген. Бірнеше депутат оны жою туралы қарсы түзету енгізді.

Олардың пікірінше, медициналық қызметтер мен медициналық бұйымдарға және жабдықтарға қосылған құн салығын енгізу дұрыс емес. Себебі, бұл ең осал топтарға – зейнеткерлерге, балаларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға, барлық науқасқа тікелей әсер етеді. Соның салдарынан, дәрі-дәрмектердің бағасы айтарлықтай қымбаттайды.

Ал, медициналық қызметтерге ҚҚС енгізу бүкіл халық үшін, әсіресе зейнеткерлер мен мүгедектер үшін емделуді қолжетімсіз етеді. Медсақтандыру шығыстарын арттырады. Қазірден медұйымдар алдында қарызы миллиардтап ұлғайып бара жатқан Медсақтандыру қоры жаңа салық кесірінен банкрот болуы мүмкін.

Депутаттар медициналық қызметтер үшін керісінше, корпоративтік табыс салығы (КТС) мөлшерлемесін төмендетуді ұсынды.

Айтқандай, 2026 жылы жаңа Салық кодексі күшіне енген соң клиенттер үшін банктердің қызметі онсыз да қымбаттайды. Өйткені Мәжіліс депутаттары Кодекс жобасына банктер үшін КТС ставкасын арттыру туралы түзету енгізді.

Үкіметтік жобада банктер үшін корпоративтік табыс салығы (КТС) 25% деңгейінде белгіленген. Депутаттар бюджетке қосымша табыс әкелу үшін оны 30%-ға дейін көтермек. Тағы да банктер бұл шығысын клиенттеріне аудара салары сөзсіз.



Еділ ЖАҢБЫРШИН,
Қазақстан
Республикасының
мәжіліс депутаты

БӘРІН ШЕШЕТІН МЫҚТЫ КАДРЛАР

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында және осыған дейінгі Жолдаулары мен өткізген жиналыстарында елімізді дамыту жөнінде талай тапсырмалар берді, ұтымды ұсыныстар айтты.

Бірақ елде экономикалық және әлеуметтік жағдай өзі айтқандай маз емес. Оны халық та, билікте біліп отыр. Жағдай жыл сайын қиындауда, атқарушы билік кризисті ауыздықтай алмауда.

Себебі Профессор Преображенский айтқандай "Разруха в голове" болып тұр. Бәрі кадр саясатының әлсіздігінен.

Жаңаша ойлай алмайтын, шаблонды-стандартпен жұмыс жасайтын, олигополияның айтқанын шыға алмай солардың сойылын соғатын, жауапкершілікті мойнына алмай тапсырмаларды басқа біреуге ысыруға бейім, ешқандай айтарлықтай нәтиже көрсетпей билікте отырған, әсіресе көптен бері келе жатқан кадрларды ауыстырмай ештеңе өзгермейді.

Мемлекет басшысы "Бізге, ең алдымен, білікті және ел мүддесін ойлайтын отаның кадрлар керек. Дәл осындай мамандарды тауып, оларды басшылық лауазымдарға тағайындаймыз", – деді. Өте дұрыс шешім.

*Сонымен қатар, ол кадрларға жұмыс жасау үшін саясат пен экономикада еркіндік беріліп және әр түрлі "топтардың" тарапынан қысым жасалмауы керек. Бір сөзбен айтқанда елде үлкен өзгерістер жасағымыз келсе, **МЫҚТЫ КАДРЛАР** билікке келуі керек.*

Оларсыз жобаның бәрі жоба күйінде қала береді!

ҚАЗАҚСТАНДА ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ШАБУЫЛ ЖАСАЙТЫНДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙТІЛМЕК

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағандарға жаза қатаңдатылатынына уәде берді, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

«Медициналық қызметкерлер өз міндеттерін атқару кезінде оларға жасалған шабуылдар мен денсаулықтарына зиян келтіргені үшін жауап-

кершілікті күшейтуге қатысты нормаларды бүгін Бас прокуратура қолдады. Тиісті нормалар қазіргі уақытта мемлекеттік келісуден өтіп жатыр, оларды

Денсаулық сақтау министрлігі бастамаға алды", – деді Әлназарова Мәжілісте өткен брифингте.

Шенеуніктің айтуынша, жаңа нормалар осы жылы қабылданады.

"Парламент депутаттарының қолдауымен, олар бұл норманы бізбен бірге талқылап,

қолдап отыр. Ойлаймын, осы жылдың ішінде Қылмыстық кодекске тиісті бап енгіземіз. Бұл қызметтік міндеттерін атқару кезінде медициналық қызметкерлерге қатысты қандай да бір әрекет жасаған азаматтардың қылмыстық жауапкершілігін күшейту болады", – деп толықтырды министр.

Аутизм тақырыбы соңғы жылдары жаһандық деңгейде алаңдатарлық мәселеге айналды. Олай деуімізге себеп жоқ емес. «Autism Speaks» халықаралық ұйымының дерегіне сүйенсек, әлемде шамамен 10 миллион адамда аутизм белгілері бар екен. Ал Қазақстанның өзінде аутизм спектрінің бұзылуы бар 16 700 бала тұрады. Ресми дерек сөйдейді.

дегі талшықтар мен қан тамырларын сканерлеу арқылы 70 баланың ішінде аутизм синдромы бар 46 баланы анықтаған. Бұл әдіс әзірге сынама түрінде ғана қолданылды. Ғалымдар егер халықаралық деңгейде мақұлданса, жобаны әлемдік медицинаға жаңа әдіс ретінде енгізу жоспарда бар екенін айтады.

– Көздің ішіндегі ақпарат өте құнды. Офтальмоскопия арқылы біз торлы қабықты, оптикалық нервті және көздің басқа құрылымдарын зерттейміз. Ретинальді сканерлеу ауытқуларды ерте анықтауға көмектеседі, – дейді Гонконг университетінің профессоры Бенни Зи.

Дегенмен, баладағы бұзылушылықты ең алдымен ата-ана байқайды. Бұл оның

нады. Сөйте тұра жеуге болмайтын заттарды шайнап, жұтып жіберуге бейім.

Дегенмен, бұл айтылған белгілердің барлығы балада кездесе бермеуі мүмкін. Қайсыбір балада аталған белгілердің тек бірекеуі ғана жеңіл түрде байқалса, енді бірінде ең ауыр деген белгілердің біршамасы кездесуі мүмкін.

Елімізде балаларды психо-физиологиялық тұрғыда түрлі бұзылыстарды анықтау үшін тексеруден өткізетін мемлекеттік мекемелер бар, бұл – республикалық, қалалық, тұрғылықты өңірдегі (аудандық, қалалық, республикалық) Психикалық сауықтыру орталықтары, Психологиялық-медициналық педагогикалық кеңестер. Тексеруден өту үшін бұл мекемелерге алдын-ала

жүкті әйелдерге шашын кесуге, боянуға, тырнақ жасатуға рұқсат бермейтін. Жуынбай, кір-қожақ болып жүр деп отырған жоқпын. Ал, қазір келіншектер перзентханаға барарда боянатыны соншалық, театрға барғандай келеді. Бірақ оның бәрі – химия. Қазір сән салондарда жүкті адамдар өте көп. Шашын неше түрлі етіп қияды, кірпік жабыстырып, еріндерін ісіреді. Оның бәрі жатырға, балаға кетеді. Одан кейін қандай бала туады? Неге аутизм көп, неге сал ауруымен туған бала көп? – дейді тәжірибелі дәрігер» деген ақпарат береді.

Шынында солай ма? Түрлі сұлулық процедуралары балаға әсер ете ме? Негізінде жүкті әйелдердің сұлулық процедуралары (шаш бояу, тырнақ жасату, кірпік жабысты-

XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢА СЫНАҒЫ НЕМЕСЕ

АУТИЗМ ҚАНДАЙ ДЕРТ?

Өкінішке орай, аутизмге шалдыққан балалардың саны жыл санап артып келеді. Соңғы 9 жылда аутизм диагнозы қойылғандар қарасы бес есеге өскен. Тіпті, АҚШ Президенті Дональд Трамп та бұл жағдайға алаңдаулы. «25 жыл бұрын 10 000 баланың біреуінде аутизм анықталатын, ал қазір әр 36 баланың біреуі осы диагнозбен өмір сүреді. Неліктен бұлай болғанын білмеймін, бірақ бұл дұрыс емес», – дейді ол. Егер Трамп келтірген деректерді негізге алсақ, аутизм көрсеткіші шамамен 280 есе артқан. Расында, АҚШ-тың Ауруларды бақылау және алдын алу орталығының деректері бойынша әрбір отыз алтыншы балаға және қырық бесінші ересек адамға аутизм диагнозы қойылады екен.

Бұл тек АҚШ-қа ғана тән жағдай емес, бүгінде Еуропа, Ресей, Қытай, жалпы әлемнің барлық аймақтарында аутизмнің кең таралуы байқалады. Қазақстан да бұл нәрседен тыс қалып отырған жоқ. Қуантарлық жайт емес, әрине. Кей ата-аналар ем іздеп, Өзбекстанға сабылуда. Олар бұл елде «жылдам әрі нәтижелі емдеу әдістері бар» деген пікірді алға тартады. Дегенмен, мұндай емдеудің шынайы тиімділігі туралы нақты ғылыми деректер жоқ.

Жалпы, аутизм қандай дерт? Бұл – әлем бойынша әлі толық зерттелмеген ауру. Бұл сырқатқа нақты қандай факторлар әсер ететіні де әлі күнге дейін белгісіз. Дегенмен де бұл – бала дамуындағы, оның ми жүйесіндегі ауытқушылықтың ауыр түрі. «Аутизм» терминін алғаш рет швед психиатры Эйген Блейлер 1911 жылы ашқан екен. Грек сөзінен аударғанда «өзім» деген мағынаны білдіреді. Терминнің өзі айтып тұрғандай, аутизмге шалдыққан бала өз әлемімен өзі болып, сыртқы құбылыстарды, өзгерістерді мүлде қабылдамайды. Тіпті үйінде өзі үйреніп қалған жиһаздарды, тұсқағаздарды ауыстырса да ашуланып, қарсылық ретінде айғайлап, жылап, мінез көрсетеді. Аутист жандар бір нәрсемен ұзақ уақыт бойы айналысып отыра береді, бірыңғай ойынды ойнап, бір қимылды қайталай беруі мүмкін. Дәрігерлердің сипаттауы бойынша, бала атын атап шақырса елең қылмайды, көзге тіке қарамайды, дыбысқа, басқаға реакциясы болмайды, өзімен өзі отыра береді. Басында осындай белгілеріне қарап мамандар «аутизм балаға жеткілікті көңіл бөлмегеннен, бір үйде жалғыз өзі ұзақ уақыт бойы қалып қойғаннан пайда болады» деген пікірлер айтып жүрді. Бірақ бұған ешқандай ғылыми дәлел болған жоқ.

АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕР БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНАН БІЛІНЕДІ

Аутизм әлем бойынша әлі толық зерттелмеген синдром десек те, кейінгі жылдары оны балаларда ерте анықтауды заманауи әдісін ұсынған елдер бар. Соның бірі – Қытай. Қытай ғалымдары көздің торлы қабығын диагностикалау арқылы аутизмге шалдыққан балаларды 95% дәлдікпен анықтайтын технология ойлап тапты. Яғни көз-



мінез-құлқынан байқалады. Әдетте дамуында қандайда бір ақаулар болса бала үш жасқа толмай тұрып білінеді. 2 жасында мұндай балалардың сөздік қоры аз болады, 3 жасқа қарай сөйлем құрап сөйлемек түгіл, сөз тіркестерін де қолданбауы мүмкін. Сонымен қатар, олар басқаларға түсініксіз сөздерді толассыз, жаңғырық тәрізді қайталай береді. Кейбір балалардың тілі мүлдем дамымайды. Эмоциясы жұтан, сирек күледі, ата-анасына аса бауыр баспайды, үлкендердің қолына алып, көтергенін қаламайды, қарсыласады. Олар өз эмоциясын білдіруге қиналады және бір іспен (ойын) айналыса алмайды. Балалармен де ойнауға тырыспайды.

Оларды айналасында жана заттардың пайда болуы, ойыншықтар қызықтырмайды. Немесе ойыншықтарға қызықса да ойнауы өзгеше болады, ойыншықпен қалай дұрыс ойнауды білмейді. Кейбірі қауіпкәтерді сезбейді. Жолдан өткенде көліктерді елемей жүгіріп өтуі, тым биік сатыға, ағашқа өрмелеп шығып алуы, үшкір, өткір заттармен қамсыз ойнай беруі мүмкін. Не болмаса керісінше тым үріккіш келеді.

Қимыл-қозғалысы да ебедейсіз болуы мүмкін. Кей балалар табанын жерге толық баспай аяғының ұшымен жүреді. Сол секілді айналып жүгіре беру, тенселу, канат қаққан тәрізді қолдарын жоғары-төмен серпу, сілку, көзінің тұсына әкеліп саусақтарын жыбырлату немесе қолдарын айналдыра беру секілді ұзақ уақыт бір қимылды жасай беретіндер де бар.

Мұндай балаларды қарапайым тұрмыстық дағдыларға баулу өте қиын. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай алмайды. Қарапайым ас ішудің өзінде мұндай бала асты ерекше талғап, тамақты іскеп барып ішеді, ал кейбір тамақтан жиіреніп, түрінен шошы-

жазылу қажет. Тексеру барысында баланы арнайы мамандар – балалар психиатры, невропатолог, психолог, арнайы педагогтар – дефектолог, логопед мамандары арнайы әдістемеге сәйкес тексеріп, мұқият бақылап, ата-анамен сұқбаттасып, қажет болса, аутизм диагностикасына арналған сауалнама толтыруды ұсынады.

АУТИЗМНІҢ АРТУЫНА НЕ СЕБЕП?

Журналист Оңғар Қабден өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында аутизм тақырыбына бірнеше жазба арнаған болатын. Соның бірінде:

«Талдықорғанда өткен Бейсен Құранбекті еске алу турнирінде бір аға жақындады. «Оңғар, балам сенімен бір әңгімем бар еді», – деген соң жұрттан оңашалана бердік. «Өзімнің немерем де осы диагнозбен ауырады. Бұл аурудың көбейіп кеткен себебі – біздің перзентханаларда деп ойлаймын. Себебі, біз қазір әйелді босандыру протоколын өзгертіп жібердік. Бұрынғыдай әйелдің астынан су кеткенде босандырмайтын болдық. Суын ағзып жіберіп, күтіп отыратын болдық. Бала тұншығып, қысылып әрең шығады. Бұл өз кезегінде баланың дамуына әсерін тигізеді. Міне, мәселенің түп себебі осы деп ойлаймын», – деді бейтаныс аға. Бұрын дәрігер болған сияқты», – деп жазады. Бұл – жай ғана долбар. Десе де, бұл мәселе де тыңғылықты зерттеуді қажет ететін секілді.

Журналист тағы бір жазбасында: «Тараз қаласындағы гинеколог дәрігер, 45 жылдық тәжірибесі бар Маржан Сағымбекова қызкеліншектерге дені сау бала табу үшін боянбау керектігін айтады. «Кеңес заманында

ру және т.б.) мен аутизмнің арасында нақты тікелей байланыс бар екені дәлелденген жоқ. Аутизмнің дамуына генетикалық факторлар басты рөл атқарады, сондай-ақ экологиялық факторлар да ықпал етуі мүмкін. Ғалымдар мен сарапшылар аутизмнің таралу себептерін әлі де зерттеп-зерделеу үстінде. Нақты бір себепті атау қиын болғанымен ықтимал себептер ретінде мыналар қарастырылады:

– экологиялық әсер, яғни қоршаған ортаның ластануы, зиянды қалдықтар мен радиацияның әсері;

– азық-түлік пен сусындардың сапасы, ондағы химиялық қоспалар, гормондар мен пестицидтердің адам ағзасына ұзақ мерзімді әсері;

– технологиялар мен гаджеттер, цифрлы құрылғыларға тым тәуелділік балалардың когнитивті және әлеуметтік даму процесстеріне ықпал етуі мүмкін.

– генетика және медицина, диагностика әдістерінің жақсаруы да аутизм жағдайларының көбеюіне әсер етті деген де пікір бар.

Дегенмен, кейбір косметикалық өнімдер құрамында жүкті әйелдерге зиянды химиялық заттар (формальдегид, фталаттар, парабендер, амниак, ауыр металдар) болуы мүмкін. Бұл заттар ұрықтың дамуына кері әсер етуі мүмкін болғандықтан, дәрігерлер жүкті әйелдерге агрессивті химиялық заттарды пайдаланудан аулақ болуға кеңес береді. Егер жүкті әйел қауіпсіз косметика таңдап, зиянды заттардан сақтанса, сұлулық процедуралары айтарлықтай қауіп төндірмейді. Өйткенмен жүктілік кезінде сұлулықтан бұрын басты назарды дұрыс тамақтануға, стрессті басқаруға және денсаулықты күтуге аударған дұрыс.

ЦИФРЛЫҚ АУТИЗМ ДЕГЕН НЕ?

Соңғы уақытта цифрлық аутизм туралы жиі айтылып жүр. Негізі бұл термин 2013 жылы пайда болған, ағылшын тілінде «virtual autism» деп аталады. Оны алғаш рет 10 жылға жуық аутист балалармен жұмыс істеген румын психологы Мариус Теадор Замфир қолданған. Кейін Франция, Жапония, АҚШ, Тайланд, Тунис дәрігерлері де румын маманына ұқсас пікір білдіреді. Яғни таулігіне 4 сағаттан артық телефон қараған баланың бойында аутизмнің белгілері пайда болады деседі. Бірақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «цифрлық аутизм» деген дертті растамаған. Тіпті, бұл туралы аурулардың халықаралық тізімінен де таппайсыз. Кәдімгі аутизм биологиялық жағынан бұзылыс десек, цифрлық аутизм – психологиялық мәселе. Дегенмен, сипаттамасы шынайы аутизмнің белгілеріне ұқсайды. Бала ата-анамен тактильді байланысқа түспейді, қатарларымен ойнамайды, үш жасқа дейін сөйлемейді, ойын жеткізе алмайды, жалғыздықты жақсы көреді, қоршаған ортамен байланысудан бас тартып, оғаш қимылдар жасайды. Мамандар мұның себебін телефон, планшет секілді гаджеттерден көреді.

Бүгінгі таңда цифрлық аутизмге қатысты нақты медициналық диагноз жоқ, бірақ көптеген зерттеу гаджеттердің артық қолданылуы баланың дамуына теріс әсер

ететінін көрсетеді. Мысалы, Америка педиатрия академиясы 2 жасқа дейінгі балаларға гаджет бермеуді ұсынады, себебі бұл кезеңде олардың миы қоршаған орта арқылы дамиды. Франциядағы зерттеулер де көп уақытын гаджетте өткізетін балалардың сөйлеу дағдылары мен әлеуметтік қарым-қатынаста артта қалатынын көрсеткен. Дей тұрғанмен кейбір ғалымдар «цифрлық аутизм» емес, «экранның әсері» деген ұғымды қолдануды ұсынады. Өйткені, «Гаджеттерді ұзақ пайдалану аутизмге әкелмейді, бірақ баланың эмоциялық және әлеуметтік дамуын тежейді», – дейді олар.

Цифрлық технологиялар – заман

жылқы жануарының биоөрісі өте күшті, сондықтан ол оң энергия беріп, эмоционалдық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Бұл тұста ата-аналар мен мамандар емдеу әдістерін әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып таңдауы керек. Дельфинмен жүзу мен ишпотирапиядан бөлек, музыка терапиясы, арт-терапия және арнайы педагогикалық бағдарламалар да аутизмді бар балаларға үлкен көмек береді. Ең бастысы – баланың әлеуетін ашуға, оның әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасау. Әрбір ерекше бала махаббат пен қолдауға лайық екені айтпаса да түсінікті, сондықтан дұрыс

ғы. «Мен ақылға сыймайтын, миға қонымсыз дүниелерді көп ойлаймын. Оны кемшілік деп санамаймын. Себебі, менің миым солай жұмыс істейді. Ойлаңыздаршы, есі дұрыс адам,



АУТИЗМ АУРУУЫ НЕГЕ АРТЫП ЖАТЫР?

талабы. Олардан толықтай бас тарту мүмкін емес. Сондықтан, ата-аналар гаджеттерді дұрыс пайдалануды қадағалап, баланың дамуына көңіл бөлу қажет. Ата-аналар үшін ең бастысы – экран уақытын реттеу. Баланың психикалық және әлеуметтік дамуына зиян келтірмеу үшін төмендегі кеңестерді ескеруге болады:

1. 2 жасқа дейін балаға мүлде телефон бермеу. Осы жаста балалар үшін ең маңыздысы – ата-анамен және қоршаған ортамен шынайы қарым-қатынас.

2. 3-6 жас аралығында гаджет қолдану уақыты күніне 30-60 минуттан аспауы тиіс және мультфильм немесе ойын таңдағанда, оның мазмұны тәрбиелік мәніне де көңіл бөлген жөн.

3. 7-12 жас аралығында күніне 1-2 сағатқа дейін шектеу арқылы баланың шынайы өмірде достарымен ойнап, спортпен айналысуына жағдай жасау.

4. Түнгі уақытта экраннан бас тарту, себебі экран сәулесі ұйқы гормоны мелатониннің бөлінуін тежейді, бұл баланың ұйқы сапасын нашарлатады.

5. Гаджеттердің орнын басқа қызықты іс-әрекеттермен алмастыру – бірге кітап оқу, табиғатқа серуенге шығу, шығармашылықпен айналысу сияқты әдістер баланы экранға тәуелділіктен қорғауға көмектеседі.

Экран алдында өткізілетін уақыт пен шынайы өмірдегі тәжірибе арасында тепе-теңдік сақталған жағдайда, бала толыққанды дамып, әлеуметтену дағдыларын қалыптастыра алады. Бұл тақырып бойынша зерттеулер әлі де жалғасуда. Дегенмен, бұл тұста ең бастысы бала мен ата-ана арасындағы жанды қарым-қатынас екенін естен шығармау керек.

АУТИСТ БАЛАЛАРҒА АРНАЙЫ ТЕРАПИЯ ҚАЖЕТ

Аутист балаларды әлемдік медицинада кейде «жаңбыр балалары» деп атайды, себебі олар суды ерекше жақсы көреді. Осыған байланысты көптеген елдерде арнайы терапия әдістері қолданылады. Соның бірі – дельфин терапиясы. Бұл – АҚШ-та кеңінен таралған емдеу әдістерінің бірі. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, дельфиндермен жүзу аутист балалардың 70 пайызына оң әсер етеді. Бұл терапия жүйке жүйесін тыныштандырып, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жылқымен серуендеу де аутист бала үшін таптырмас ем екен. Ишпотирапия ұсақ моториканы жаттықтырып, сенсорлық дамуды жақсартады деседі. Испания, Мексика, АҚШ сияқты елдерде кеңінен қолданылатын бұл терапия баланың бұлшықет балансын қалпына келтіріп, өзін-өзі бақылауға үйретеді. Ғалымдардың пікірінше,

таңдалған әдістер баланың өмір сапасын жақсартуға септігін тигізеді.

Мамандар болашақта аутизмнің көбеюі тек әлеуметтік қана емес, экономикалық дағдарысқа да әкелуі мүмкін екенін айтады. Себебі, мұндай ерекше балаларға әлеуметтік, медициналық, білім беру салаларында көп ресурстар қажет, ал еңбекке жарамдылық деңгейі төмен болуы мүмкін. Дегенмен, бағыс елдерінде аутист балаларды қолғап бейімдеу мақсатында түрлі бағдарламалар жүзеге асырылады. Мысалы, АҚШ-тың өзінде бір балаға жылына 30 мың доллар көлемінде қаржы бөлінеді екен.

АУТИЗММЕН АУЫРҒАН ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАЛАР КІМ?

Бір қызығы, тарихта аутизм синдромы бар көптеген танымал тұлғалар болған. Олар ерекше қабілеттері мен потенциалын дұрыс бағытта дамыту арқылы үлкен жетістіктерге жете алды деседі. Соның бірі – Альберт Эйнштейн. Ол басқа адамдармен байланыс орнатуда және өз ойын жеткізуде өте қатты қиналған. Мектепте де жақсы оқымаған. Тіпті мектеп қабылдамаған және адамдармен араласуды ұнатпағандықтан жұмыс таба алмады деседі.

Австриялық сазгер Вольфганг Моцартты да осы қатарға қосуға болады. Көптеген аутист адамдар секілді Моцартта да мимика болмаған. Қолдары мен аяқтардың стереотиптік қозғалыстары, яғни бір қимылды қайталай беру әдеті байқалған. Оның есту қабілеті сезімтал болғандығы соншалықты тым өткір және қатты дыбыстар ауырсыну тудырған. Моцарттың көңіл-күйі жиі өзгеретініне қарамастан көрнекті композитор атанды.

Чарльз Дарвиннің де аутизммен ауырғаны туралы деректер бар. Ол бала кезінен жалғыз қалғанды ұнатады екен. Адамдармен араласқанды ұнатпай, оның жазуға әуестігі болғаны туралы жиі айтылады. Жазу арқылы басқалармен байланысын үзеді. Оның хоббиі әртүрлі заттарды жинау болыпты. Қозғалыстағы стереотиптер Дарвинге де тән болған. Бірақ ол ең ақылды адам ретінде эволюциялық доктринаны жасады, оны өмірінің соңына дейін ұстанды. Леонардо да Винчи, Исаак Ньютон секілді ғалымдар да – жетістікке жетуде аутизм кедергі емесін дәлелдеп кеткен жандар.

Дәл осындай диагноз Майкрасофт атасы Билл Гейтсе де бар екен. Тіпті Тесла компаниясының негізін қалаушы миллиардер Илон Маскке де дәрігерлер аутизмнің бір түрі – аспергер синдромын қойған. Оның осындай дәрежеге жетіп, ақыл-есі жоғары адамдардан да асып түсуіне себеп болған дүние – космосқа деген қызығушылығы.

адамдарды Марсқа ұшыра ма?!» – деген еді ол бір сөзінде.

Шындығында, аутизмді бар адамдарға әңгімеге араласу және әлеуметтік байланыс қиынға соқса да, олардың сізге қарағанда ақылы аз екенін білдірмейді. Аутизмді бар адамдардың когнитивтік қабілеттері әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олардың барлығының бірдей ақыл-ой деңгейі төмен деген қате түсінік. Кейбіреулері ерекше есте сақтау қабілетіне, логикалық ойлауға немесе шығармашылық дарынға ие болуы мүмкін. Оларда көбінесе коммуникацияда және әлеуметтік өзара әрекеттесуде қиындықтар болғанмен, бұл кей жағдайда интеллектке тікелей әсер етпейді. Сондықтан аутизмді бар адамдар да өз саласында мықты маман бола алады және ерекше қабілеттерімен ерекшеленеді. Дегенмен бұл тұста аутизмнің де әр түрі болатынын ескеру қажет. Мамандар медицинада аутизмнің 98 түрі бар екенін айтады.

Өкініштісі, аутизммен өмір сүретін адамдардың 70 пайызында достар болмайды, 95 пайызы отбасын құрмайды, ал 80 пайызының тұрақты жұмыс орны жоқ. Аутизмді бар адамдар қоғамда жиі әлеуметтік оқшаулануға ұшырайды, өйткені олардың қарым-қатынас дағдылары басқалардан ерекшеленеді, ал қоғам көп жағдайда оларға бейімделуге дайын бола бермейді.

Достардың болмауы – қарым-қатынастың қиындығынан ғана емес, айналасындағы адамдардың оларды түсінбеуінен де туындаған фактор. Отбасы құруға келгенде де дәл солай, яғни романтикалық қарым-қатынас орнату олар үшін қиын болуы мүмкін. Ал тұрақты жұмыс орнының болмауы жұмыс берушілердің оларды дұрыс қабылдамауы мен қолдаудың жетіспеушілігінен туындайды.

Дегенмен, алдағы уақытта жағдай өзгеруі әбден мүмкін. Себебі қазіргі таңда көптеген елдерде инклюзивті білім беру, жұмысқа орналасу бағдарламалары, арнайы әлеуметтік қызметтер мен қоғамдастықтар дамып келеді. Егер қоғам оларды жақсырақ түсіне және қолдау көрсетсе, аталған статистиканы өзгерту мүмкіндігі әлдеқайда жоғары.

Жалпы алғанда аутизмнің алдын алу және ерекше балаларға көмек көрсету – кезек тәжірибейтін мәселе. Бұл тек ата-аналар мен дәрігерлерге ғана емес, бүкіл қоғамға ортақ міндет. Мәселені шешу үшін жан-жақты зерттеу, халықаралық тәжірибені игеру және әлеуметтік қолдау бағдарламаларын күшейту қажет. Кез келген елдің дамуы ең алдымен азаматтарының денсаулығы мен әл-ауқатына байланысты. Сондықтан бұл мәселеде ешбір бірімізге бейжай қалуға болмайды.

М.ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Көзқарас

КІТАП ОҚИТЫН ЖӘНЕ ОҚЫМАЙТЫН ҚОҒАМ

Спартандықтардың тапқырлығы ретінде жиі айтылатын мына бір сөзді есіме алған сайын бізге әр мәселені өзгеше ойлау мен түйіндеудің ауадай керек екенін түсінемін. Аталған аңыздың ұзын-ұрғасы мынадай. Бірде Македония патшасы II Филипп грек қаласының тұрғындарына былай деп хат жазады: «Тез арада маған бірден бағыныңдар. Егер әскерім сендердің жерлеріне басып кірсе, барлық егін, бау-бақшаларыңды құртады, ұлдарыңды құл, қыздарыңды күн етуге де дайынбыз», – дейді. Спартандықтар оған бір ауыз сөзбен жауап қайтарады: «Егер...».

Меніңше, осы бір «егер» сөзі бәрімізді ойландыруға тиіс. Егер Адам ата Хауа ананы мәңгі көрмесе не болар еді? Егер үйіржұлдыздың түсі көк емес, басқаша болғанда, әлем қалай өзгерер еді? Тіпті өзіміз тұрғысынан ойлансақ, Әлихан, Міржақып, Ахметтер атылмағанда, бізді не күтіп тұр еді? Егер, егер, егер...

Қош, талассыз мына әлемді кітап пен оны оқыған адамдар өзгертті. Сол үшін де бізге дейінгі оқығандар тобы «Кітап – білімнің қайнар көзі, рухани байлықтың негізі» деген пәтуға келді. Мұндағы маңызды мәселе, оны қалай оқуда және оны қалай қоғамдық құбылысқа айналдыруда болмақ. Мейлі технократтық деңгейге қадам басса да, қазір кейбір елдің қоғамы кітап оқуды өмір салтына айналдыра алды. Ал кейбір ортаның бұл дағдыдан алшақтап бара жатқаны да шындық. Байыптап қарасақ, кітап біздің тағдырымыз екен.

Ойдың алып қазанынан қайнап шыққан кейбір кітаптар адам өмірін түбегейлі өзгертіп жіберсе, керісінше мәлім шығармалар тарихи оқиғаларға мұрындық болған. Сервантестің «Дон Кихот» романының бірде адам өмірін ажалдан алып қалғанын естіп пе едіңіз? Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде француз жауынгері жүрегіне тиген оқтан ажал құшпай, керісінше, аман қалған. Оқ оның қалтасындағы әредікте парақтап оқып жүретін «Дон Кихот» кітабына тиіп, жүрегіне жетпеген. Қан майдандағы қаһарлы соғыстарда мұндай оқиғалар көп болған шығар. Ал әзірге бізге жеткені осындай там-тұм әңгімелер ғана.

Кітап оқитын және оқымайтын қоғамның айырмашылығы өте көп. Ең алдымен олардың білім деңгейі мен ойлау қабілеті әртүрлі болады. Кітап оқитын қоғамда адамдардың білімі ақыл мен парасаттан құралады және соны азық етеді.

Әдебиет, өнер, ғылым туралы терең түсінігі бар адамдар өздерінің ішкі мәдениеті арқылы ойлы қоғам құруға ұмтылады. Бұған Әлихан Бөкейхан, Махатма Ганди, Нэлсон Манделла сияқты тұлғалардың өмірін мысал етуге әбден болады. Оларға оқымайтын қоғам құруға құлшыған арнаулы жүйе кесірін тигізді. Ал кітап оқымайтын қоғамда мәдениет деңгейі төмендеп, рухани құндылықтар құрдымға кетуге бет алады. Мұндай қоғамда агрессия, мәдени енjarлық және тұтынушылық сана төрге шығады. Ал оның зардабы бәрімізге түсінікті.

Кітап болмаса адамзат қоғамы қалай көрінер еді? Осы сұраққа жауап іздеудің өзі қорқынышты. Кітапсыз қоғамда ғылым мен технологияның дамуы бөсеңдеп, өркениеттер арасында түсінбеушілік туындайды. Ал осыдан кейін адамзаттың өзін-өзі тану деңгейінің төмендеуі мәселесі жарыққа шығады. Осыған дейін көркем әдебиет, философия, дін жөнінде кітаптар адамзаттың моральдық дамуына үлкен әсер етті. Кітапсыз қоғамның этикалық және рухани дағдарысқа тап келуі де мүмкін екенін айтқан дұрыс.

Қалай ойласақ та, бәрі кітаппен байланысты. «Шерлок Холмстың» өмірге қайта оралуы да қызық оқиға болыпты. Жазушы Артур Конан Дойл Шерлок Холмс туралы әңгімелерден шаршап, оны шығармада «өлтіргенде», оқырмандар наразылық білдіріп, жазушыға хат жаза бастайды. Соның арқасында автор әйгілі детективті қайта «тірілтуге» мәжбүр болады. Ал Джон Толкиннің «Сакиналар өміршісі» кітабында сипатталған Жерорта теңізі картасы оқырмандарға соншалықты шынайы болып көрінгендіктен, кейбір адамдар оны шындық деп қабылдаған. Тіпті археологтер оның шынайылығын дәлелдемекші болған деседі. Осының бәрі айналып келгенде, кітап оқитын қоғамның әр жаңалыққа құштар болып, әр кітапқа назар аударатынын дәлелдейді. Кітаптар тек ой салу ғана емес, сонымен қатар шынайы өмірде күтпеген оқиғаларға себеп бола алатынын осы мысалдардан көруге болады. Егер біз оқитын қоғамда өмір сүрсе.

Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН



"ШАҢЫРАҚ" БАЙҚАУЫ БАСТАУ АЛДЫ

Бұл туралы Түркістан қаласындағы «Достық үйі» ғимаратында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер мен блогерлер клубының отырысында айтылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – толеранттылықты нығайту, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті сақтауда БАҚ-тың күш-жігерін біріктіру, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында өткізілетін іс-шаралар барысы және өзекті мәселелерді, ұсыныстарды талқылау, ақпараттық жұмыстарды жетілдіру.

Кездесуге қатысушылар алдымен «Достық үйі» ғимаратын аралап көрді және ҚХА құрылымдары мен этномәдени бірлестіктердің жұмысымен танысты.

Келелі жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚХА Журналистер клубының төрағасы Алишер Сатвалдиев, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, сондай-ақ Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасы мен «Қоғамдық келісім» КММ-нің басшылығы, мекеме қызметкерлері және Түркістан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер мен блогерлер клубының мүшелері, өңірдегі белгілі журналистер, БАҚ өкілдері қатысты. Жиынды Түркістан облыстық ҚХА жанындағы Журналистер мен блогерлер клубының төрағасы Ерсұлтан Әмірбек жүргізіп отырды.

Алқалы басқосуда сөз алған Ертай Алтаев қоғамдық келісімді нығайту бағытында өңірде

атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала отырып, БАҚ өкілдері тек ақпаратты жеткізіп қана қоймай, азаматтардың мемлекеттік саясатты қабылдауын қалыптастыратынын жеткізді.

Өз сөзінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚХА Журналистер клубының төрағасы Алишер Сатвалдиев этика қағидаларын сақтау, сондай-ақ этносаралық мәселелерді жариялау мәселесінде журналистер қауымында жауапкершілікті қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

Спикерлер қатарында «Turkistan Media Holding» ЖШС атқарушы директоры Тельман Бейсен этносаралық қатынастардағы БАҚ-тың және әлеуметтік желінің рөлі туралы ой қозғап, сындарлы пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ жиында «Қызмет» газетінің Бас редакторы, «Серпіліс» қоғамдық қорының төрайымы Бейсенкүл Нарымбетова этносаралық қатынастар туралы халыққа ақпарат берудің басты ерекшелігі және жауапкершілігі бойынша мазмұнды ойларымен, пайдалы тәжірибесімен бөлісті.

Сонымен қатар, іс-шара барысында әлеуметтік желі қолданушылары арасында «Шаңырақ» шығармашылық байқауының таныстырылымы өтті.

Аталған байқау 2025 жыл - Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына және Президенттің «2025 жыл - "жұмысшы мамандықтар жылы"» деп жариялауына байланысты ұйымдастырылуда.

Бұл ретте, әлеуметтік желі қолданушылары үздік жазбалар бойынша "Бауырлас" атты тақырыпта бақ сынайды. Байқаудың жүлде қоры - 1 000 000 теңге. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері 25 қазан - Республика күні қарсаңында марапатталады.

АҚЖҮРЕК АҚЫН АҚМАРАЛ



Шымкенттегі Абай атындағы орталық кітапханада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Бәйдібек ауданының құрметті азаматы, айтыскер ақын Ақмарал Леубаеваның шығармашылығына арналған «Ақжүрек ақын Ақмарал» атты кездесу кеші өтті. Кешті Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры, ақын Анар Жаппарқұлова жүргізді.

Кеш қонақтары ақынның 1988 жылдан айтысқа қатыса бастағаны, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Оңтүстік Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасында бас маман, әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығында қызметтер атқарғаны туралы әңгімеледі. «Шымкент концерт» концерттік ұйымының әртістері Бекзат Сәкенұлы, Асылбек Бейісов, Сәбит Ниетбеков, Асыл Жандаулетов ақынның «Гүлназым», «Қуанышым Қазынам», «Екеуіміз» әндерін орындаса, М.Әуезов атындағы ОҚУ студенттері «Алғашқы сәуле», «Түсінерсің», «Сенің атың жақсы адам, «Он тоғыздың көктемі», «Өмір ай», «Ана тілегі» өлеңдерін оқыды.

Кеш соңында Шымкент қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесінің директоры Жұманова Нұрила Серікбайқызы кеш қонақтары мен іс-шараға белсене қатысқан оқырмандарға алғыс білдірді.

ҰЛТТЫ ОЯТҚАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Міржақып Дулатұлының әдеби мұрасын және қоғамдық қызметін өскелең ұрпаққа таныстыру, шығармашылық әлемін, ұлт үшін жасаған еңбектерін насихаттау мақсатында Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының ұйымдастыруымен Шымкент қалалық саяси қуғын-сүргін музейінде танымдық шара өтті. Шараға тарих ғылымдарының кандидаты, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚМПУ доценті Анарбаев Қайрат Сапарханұлы, филология ғылымдарының кандидаты Қалшабек Ақжол Батырұлы, саясаттану ғылымдарының кандидаты Мәжінбеков Сәкен Аралбайұлы қатысып сөз сөйледі.

Жиынға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің студенттері қатысып М.Дулатұлына арналған деректі фильм көрсетіліп, баяндама тыңдады. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының қызметкерлері М.Дулатұлының өлеңдерін жатқа оқып, дәстүрлі әншілер Құнанбай Бөйітепов пен Сәбит Ниетбеков өнерлерін ортаға салып, жастардың ықыласына бөленді. Музей алаңшасына «Ұлтты оятқан ұлы тұлға» атты көрме қойылды. Студенттер мен мектеп оқушыларына музей қызметкерлері экскурсия жүргізіп, тарихи тағылымы мол мәліметтер берді.

Бұл жолы да «Оян, қазақ!» деп елін, халқын алға сүйреп жарыққа шығаруға бар ғұмырын арнаған Алаш қайраткерінің рухы әлі де жастарды отаншылдыққа, елге қызмет етуге, патриоттық сезімнің қалыптасуына ықпал етіп, жігерлендіретіне куә болды. Танымдық шара екі қана өткенге көз жүгіртіп қана қоймай, қазіргі қоғамдағы азаматтық қоғамның мәнін, ұлттық сананың қалыптасуындағы маңызды кезеңдерді талдап шығуға мүмкіндік туғызды.

Филология ғылымдарының кандидаты Қалшабек Ақжол шараны ұйым-



дастырған Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы қызметкерлеріне алғыс білдіріп, ақынның ұлтына деген сүйіспеншілігі, халқына деген адалдығы мен қызметі, шығармашылығы жастарға өнеге болып, ел тәуелсіздігін нығайтуға үлес қоса беретініне сенімді екенін айтты. Ал, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, тарихшы Анарбаев Қайрат Сапарханұлы Міржақып Дулатұлының Шымкент қаласында өткен өмір кезеңдеріне тоқталып өтті. Алаш қайраткерінің қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, қоғамына қосқан үлесі кеңінен айтылып, оның шығармашылық мұрасы жайлы тың деректер айтылды.

Жасұлан ИСАБАЕВ,
Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының аға ғылыми қызметкері,
Шымкент қаласы.

Білгенге маржан

«ТЕКЕ БҰРҚЫЛДАҚ» ПЕН «БӨРІСЫРҒАҚ» АМАЛЫНЫҢ НАҚТЫ УАҚЫТЫ ҚАШАН?

Бабаларымыз киік пен бөрінің жұптасу кезеңін екі түрлі амалдың атауы ретінде алып, сонымен бірге, киіктің төлдеу кезін де амал атауы ретінде пайдаланған. Теке бұрқылдақ – бұл амал желтоқсан айының 10-15 күндерінде орын алатын бұрқасын күндер. Бұл кезде киік текелері үйірге түседі. Бөрісұрғақ – бұл амал ақпан айының 20-25 күндерінде орын алатын сырғақты күндер. Бұл кезде бөрілер әуекке түседі. Бөрі үйірін "әуек" деп атайды.

Құралайдың салқыны – бұл амал мамыр айының 10-15 күндерінде орын алатын салқын күндер. Бұл кезде киіктер төлдерін өргізеді. Бөрілердің де бөліріктеуі тура осы күндерге дәл келетіндіктен, оның үстіне осы кезеңде бөрілердің тісі сырқырап ауырып, күндіз ештеңе жемей қорексіз жатады да, кеш кіргенде қасқыржем сияқты шөптер мен жемісті жеп оразасын ашады. Киіктер төлдерін аман-есен өргізеді.

Бабалардың амал атауларын қазіргі ғылыми әдебиеттердегі осы аңдардың өсіп-өнуі туралы зерттеулермен ұштастырып, нақты осы күндер екенін анықтап жазып отырмын. Мұнда ешқандай долбар жоқ.

Ақпан амалы – бұл амал желтоқсан айының 20-25 күндерінде орын алатын аязы ақырған күндер. "Ақпанның ақырған аязы" деген сол. Ескіше күнтізбеде ақпан айдың ғана аты емес, желтоқсан айының соңғы күндеріндегі амал атауы болатын. Бұл амал «Ақпан-Токпан» немесе «Екі ағайындының амалы» делінеді. Бұл екі ағайынды адамды көршіміз Қайролла Әжейұлы деген қарт "Ақпан, Токпан деген ағайынды екі батыр үсіп өлген күндер екен" деп айтатын. Өзінің сүйегі – Шеруші, оның ішінде Құрман. Ал, Ақпан-Токпан деген ағайынды екі адам Шеруші руының Ұзынмылтық деген атасына жатады. Ақпаннан 4 ұл, Токпаннан 3 ұл қалған.

102 жастағы Қаба Мәліскейұлы ақпан айының ескіше күнтізбеде он екінші айдың ескі аты екенін айтады. Ал, дәл қазіргі екінші айды «бірдің айы» деп атаған.

Көкбөрі МҮБАРАК



Салт-дәстүрден сыбаға

ҚАЗАҚ ЕР АДАМНЫҢ КИІМІН НЕГЕ БАСПАҒАН?

XVIII ғасырда Қазақстанның батыс өңірінде Есенгелді атты кісі тұрмыс кешеді. Ол жеті атасынан бері бай, малжаны мыңғырған адам болса керек. Нағыз шынжыр балақ, шұбартөс дәулетті адам екен. Болыс болып, ел де билейді. Оның тоқалынан Бекей есімді ұлы болыпты. Бекей орысша сауаты өте жоғары, көзі ашық жігіт екен. Байдың бәйбішесінен туған ұлдары Бекейдің ел ішіндегі беделін көре алмай, әкесін ұлына айдап салады. Оған: «Балаңыз атадан қалған дәулетті бей-берекет шашып жүр. Ел-жұртқа абыройсыз қылып бітті», – деп жамандайды. Оларға иланып қалған Есенгелді:

– Олай болса, маған қандай ақыл бересіңдер? – деп сұрайды.

– Ойбай, әке! Ондай баланың бары-

нан жоғы. Тез құтылғаныңыз жөн, – деп азғырады мысық тілеу ұлдары. Зұлымдардың тіліне ерген бай Бекейді мерт қылады.

Бұл оқиға кейін барлық жерге әшкереле болады. Байдың келіні өте есті жан екен. Әкесінің өз ұлының түбіне жеткендігін дәлелдеп, қазы-билердің алдына жүгінеді. Бай баласын өлтіргенін мойындап, өкінеді. Даудың соңы құнға кеп тірілгенде өжет әйел:

– Еріме құт болмаған дәулет маған бақыт бермейді. Бір ғана тілегім бар. Қайын атамның жеті атасынан бері келе жатқан құндыз жағалы тоны төрінде ілініп тұр. Соны бір атпап өтем. Басқа талабым жоқ, – депті. Келіннің өтініші орындалады. Көп ұзамай, Есенгелді бір жұтта төрт түлік малынан тегіс айры-

лып, таяқ ұстап қалады. Киелі киімі аяққа тапталғандықтан байдың бағы тайыпты. Ақыры Есенгелді жоқшылықта, қайыр сұрап жүріп өлген екен. Бұл оқиғаға қатысты орыс жазушысы В.Даль «Бекей мен Мәулен» атты хикаят жазған. Осы жағдай киімнің де құты болатындығын, оны басқанда киесі кетіп, шаңырақтан бақтың ұшатындығын көрсетеді.

Жазушы Мұхтар Мағауиннің «Алтыбақаннан сон» атты әңгімесінде ер адамның киімін әйел адамның астына басып отырмайтындығы туралы сюжет келтірген. Шығарма авторы бұл жерде әйел ер кісінің киімін астына басса, оның басынан бағы таяды деген ойды әсерлі де нағыз жеткізген. Сондықтан ер адамның киесінен сақтанындар, әйелдер.

Райхан МАТАЕВА

Табиғат ғажайыптары



МҰЗДЫ ШАШ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Табиғат ананың ең шебер мезгілі – қыс. Аппақ қармен жерді бүркеп, бір-бірімен соғыстырмай миллиондаған қарды аспаннан жаудырады. Қоршаған ортаны ақ бояумен бояп, адамға бір ерекше сезім береді. Шынымен де қылқалам шебері дерсің.

Ал енді қысқы таңдарда жалпақ жапырақты орманда серуендер болсаңыз, «мұзды шаш» немесе «түкті мұз» деп аталатын таңғажайып табиғи құбылысты кездестіре аласыз. Бастапқыда шіріген дінгек немесе ағаш бұтағы жылтыр ақ шашты немесе тәтті мақта сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, бұл «жіптер» – аязды «сақал» сияқты ағаштарда пайда болған мұздар. Бұл – ағаштарда жиналған ақ шаштарға ұқсайтын табиғат құбылысы.

Бұл құбылыс қалай пайда болады? Әдетте, «мұз шаштары» шіріген діндерде, бұтақтарда көп пайда болады. Бұл табиғат жағдайы шынымен де әсемдігімен сұр түсті сақалға немесе ұзын ақ жіптерге ұқсайды. «Мұз шаштары» ұзындығы 5 сантиметрге, ал қолайлы атмосфералық жағдайларда 20 сантиметрге жетіп бұйралады екен. Мұндай «мұз шаштарының» өсуі үшін бірнеше жағдайлар сәйкес келуі керек. Ең алдымен, ағаштың өзінде және оны ауада ылғалдың көп мөлшерде болуы. Бұл жағдайда ауа температурасы нөлге жақын болуы керек, өйткені атмосфералық жағдайдың шамалы өзгеруімен бұл құбылыс тез ыдырайды және жоғалады. Сондықтан да болар, ғалымдар құбылыстың құпиясын тек XXI ға-

сырда ғана шеше алды.

1918 жылы неміс геофизигі және метеорологы Альфред Вегенер алғаш рет «мұзды шаш» түзілетін жерлерде аркашан мицелий – жіңішке тармақталған түктерден жасалған саңырауқұлақ бар екеніне назар аударды. Бір ғасырға жуық уақыттан кейін, 2015 жылы ғалымдар мұзды «түктерді» зерттеп, олардың түзілуінде «exidiopsis effusa» деп аталатын саңырауқұлақ зенінің бір түрі ғана шешуші рөл атқаратынын анықтады. Бұл саңырауқұлақтың құрамында «мұзды шаштың» құрылысын біріктіруші ретінде қызмет ететін арнайы заттар бар. Суықтың әсерінен ағаштан сұйықтық шыққан кезде, «exidiopsis effusa» ферменттері ылғалмен араласады және оның үлкен мұз кристалдарына жабысуына жол бермейді. Сондықтан «мұз жіптері» ағаштағы сұйықтық таусылғанша немесе қоршаған орта өзгергенше өседі.

Мұзды шашты қайда және қашан көруге болады? Бірегей табиғи құбылысты солтүстік ендіктің 45 және 55 градус аралығында өсетін жалпақ жапырақты ормандарда көруге болады. Неліктен бұл құбылыс қылқан жапырақты ағаштарда пайда болмайтынын және ендікке соншалықты байланысты екенін ғалымдар әлі білмейді. Дегенмен, «мұз шаштарының» күзгі және көктемгі салқын түндерде, температура нөлдік градусты болған кезде пайда болатыны белгілі.

Бұл табиғи құбылысты аталған ауа райы жағдайында таң атқанға дейін орманға бару арқылы көруге болады. Сонда өз фотоколлекцияңызды осы таңғажайып құбылыстың суреттерімен толтыруыңыз әбден мүмкін.

Д. ТАУАСАРОВА

«Ұлы Дала Елі» орталығы қызметкері

Қызық

БАСЫ ШАБЫЛСА ДА 18 АЙ ӨМІР СҮРГЕН ӘЛЕМДЕГІ ЖАЛҒЫЗ ТАУЫҚ

Адамдар тауықтың басы кесіліп тастаса да, дереу өлмей бірнеше минут өмір сүре алатынын біледі. Тіпті кейбір тауықтар басы жоқ болса да біраз уақыт жүгіріп барып жерге құлайды. Олай болса тауық деген жануар басы жоқ болса да өмір сүре алатын толық мүмкіндігі бар екен. Себебі, оның негізгі миы басында емес, бас сүйегінен 45 градус төмен орналасқан.

Басқаша айтқанда, тауықтың мойнында оның жүйке құрылымы, қабылдайтын, жауап беретін және қозғалысты басқаратын бөліктері орналасқан. Сондықтан тауықтардың көпшілігі сол сәтте өлмей басы кесілсе де біраз уақыт тірі жүре алады екен. Алайда басы кесілгеннен кейін аз уақыт емес, 1 жыл 6 ай бойы өмір сүрген жалғыз тауық тарихта тізімделіпті.

Оқиға былай басталды. 1945 жылы 10 қыркүйекте АҚШ-тың Колорадо штатының тұрғыны Ллойд Олсен (Lloyd Olsen) тауық сорпасын дайындау үшін өзінің фермасындағы 5 айлық тауығын құрбандыққа шалуға шешім қабылдайды. Содан бері тауыққа Майк (Mike) есімі берілді, ал адамдар оны кейде «таңғажайып Майк» деп те атайды.



Қожайыны оның басын кесіп тастады, бірақ Майк саскалақтап біраз жүгіреді де, көп ұзамай әдеттегідей әрекет етіп, сабырлы қалыппен жүре бастайды. Былайша айтқанда, ол өлуден бас тартты. Тауықтарды өлтіре алмаған фермер оның жанын қалдыруға шешім қабылдап, басқа тамақ пісіріп жеп, тыныш ұйықтады. Ең таңқаларлығы, келесі күні таңертең Майк өлмейті, тіптен ауырсынған, нашарлаған белгілер де байқалмапты.

Сондықтан Олсен тауыққа болған ғажайыпты құр жіберіп алмауға шешім қабылдап, оны тірі қалдыру үшін оған аздап су, сүт және бидай сынықтарын бере бастады. Оны тамақтандырғанда көзге арналған тамшылататын құралмен тамақ берілді. Қожайыны басын кескен кезде вена қан тамырына зақым келмегендіктен тауық қансырап өлмегені белгілі болыпты. Тауық көру қабілетінен және миының кішкене бөлігінен айырлғанымен басқа жері зақым алмапты. Бірақ соқыр болғандықтан оның қимылдары сәл болбырлау екен.

Тауық туралы жергілікті газетке шыққаннан кейін көп ұзамай Майк пен оның иесі Олсен жұлдызға айналды. Бұл жаңалық бүкіл Америка Құрама Штаттарына тарап, халықтан штаттарды аралап тауығын көсетуге тілек білдіре бастапты. Иесі де ықыласпен келісім берді. Олар штаттан штат, қаладан қала аралап үлкен атаққа ие болды.

Адамдар оның тауығын көруге, тіпті онымен бірге суретке түсуге ақша төледі, ал Майк иесіне айына 4,500 доллар тауып бере бастады. Сонымен қатар, «Time» және «Life» журналдарында жарияланып тауықты 10 000 долларға сатып алу туралы ұсыныс та жасалды. Өкінішке орай, Майктің 18 айлық саяхаты Аризона штатындағы Финикс қаласында аяқталды.

1947 жылы 17 наурызда Феникске экскурсия жасау кезінде олар кішкентай қонақүйде Майк жүгері үгіндісі тамшысына тұншығып, тамағы бітеліп, дем ала алмай өліп кетті. Дәл сол уақытта иесінде оның өмірін сақтап қалуға арналған құралдар болмапты.

Осы оқиғадан кейін Олсен баспасөзге Майктың өлгенін айтпауға шешім қабылдап, оны журналистерге сатып жібергені туралы өтірік хабарлайды. Осы күнге дейін тауықтың туған жері Колорадо штатындағы Фрита (Fruita) ауылында «Бассы тауық» атты қоғамдық шара өтіп келеді және Фрита ауылында Майкке ескерткіш те тұрғызылды.

Амантай ТОЙШЫБАЙҰЛЫ

ҚАЗАҚТЫ ОЯТҚАН...

Таскескен ауылдық кітапханасы 2025 жылғы мерейтой иелеріне арналған «Кітап – адамзат ақыл-ойының інжу-маржаны» тақырыбындағы кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрме қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы – Абай», қараңғылықта қалған қазақ халқы оятуға тырысқан Міржақып Дулатовтың 140 жылдық мерейтойына арналған «Қазақты оятқан Міржақып», қазақтың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлының 115 жылдық мерейтойына арналған «Халқымыздың біртуар қаһарман ұлы – Бауыржан» атты үш бөлімнен құралды.

Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы – Абай» деп аталатын Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесіне қойылған Абай Құнанбаевтың он томдық толық шығармалар жинағы – тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған рухани құндылығымыз. Он томның әр томы – көзі қарақты оқырманға ризық болар бір-бір рухани қазына. Біз Абай ағамыздың мерейтойын күллі қазақ халқының руханият мерекесі ретінде атап өтуіміз кажет.

«Қазақты оятқан Міржақып!» деп аталатын көрменің екінші бөлімінде Міржақып Дулатұлының кітаптары қойылды. Оның ішінде қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты, сана-сезімді оята мақсатында 1909 жылы Петербургте басылған қазақ халқының көзін ашуға талпынып шығарған «Оян, қазақ» деген кітабының орны ерекше.

Көрменің үшінші бөлімінде Бауыржан Момышұлының кітаптары ғана емес, ағамыз



туралы мәліметтер де қоса берілді. Мерейтой иелеріне ортақ қасиет - үш тұлғада қазақтың санасының оянуына қызмет етті.

Маржан МҮСАТАЕВА,
«Сарыағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ қарасты Таскескен ауылдық кітапхана меңгерушісі

Мен оқыған бір кітап

АЛТЫН ҚАЛАНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Жазушылар одағының мүшесі Ертай Айғалиұлының «Алтын қаланың құпиясы» атты кітабына хикаяттар мен әңгімелер енген. Кітап балалар мен жасөспірімдерге арналғанымен ондағы шығармалардың өзектілігі, шытырман да қилы-қилы оқиғаларға бай болуы ересектерді де өзіне еріксіз тартатыны сөзсіз. «Алтын қаланың құпиясы» хикаяттыңдағы оқиға кешегі Кеңес империясының қазақ халқына жасаған зұлымдығымен сабақтасады. Тайгерідегі картамен ағандардың алтын қазынаны іздеп келуі, балаларымыздың оны қорғауы – бәрі-бәрі оқырманды ынтқытыра түсіп, бей-жай қалдырмайды. «Алтын қаланың құпиясы», «Шиебөрілері жылаған Сахарадағы жекпе-же», «Қара бала, қасқыр-адамдар және мұз сарай», «Ақбарыс, америка және Аспантау үңгіріндегі қазына», «Бокс қолғабынды жоғалтпа, бауырым!» хикаяттары және әңгімелердегі қызықты оқиғалар, онда көтерілген көкейтесті мәселелер балаларды отаншылдыққа, ел мен жерді, тарихты сүйуге тәрбиелейді.

«Алтын қаланың құпиясындағы» басты кейіпкер Бектайды жазушы әу баста домаланған кара бала деп суреттейді. Домалақ беті, кішкентай қозы қарны бар Бектайға балалар «Әй, домалақ» деп қылжақтайды. Бірақ Бектайды – болашақ шекарашының капитан Сабыржан «генералым» деп атап, оның өз өмірінде күрт өзгеріс жасауына оң әсер етеді.

Жеті-сегіз айдың ішінде Бектай және оның достары, яғни «Жас сарбаздар» өздерін өздері қайта тәрбиелейді. Ең бастысы бұрын олар уақыттарын қалай болса солай жұмсаса, енді Сабыржан ағаларының қадағалауымен уақытты дұрыс жұмсауды үйренді. Олар алғашында бұл қаталдыққа үйрене алмай, кейін ғана үйренісе бастады. Уақытпен жүріп-тұрудың арқасында жас сарбаздардың сабақтары да түзеліп, оны мектеп мұғалімдері де бірден байқаған болатын.

Шекара балаларының қырағылығы мен ерлігі оқырманды ерекше тәнті етеді. Олар бейбіт күнде де ерлік жасауға болатынын дәлелдейді.

Кезекті тарихи экскурсияға шыққан кезде балалар адасып кетіп, тыңшылардың қолына түседі. Автор үңгірде бірнеше күн қалған олардың ерліктері, тапқырлықтары туралы хикаятты келесі жолы айтып беретін, яғни болашақта бұл хикаяға қайта оралатынын айтып, оқиғаны аяқтайды.

Ертай Айғалиұлының «Алтын қаланың құпиясы» атты кітабы – жақсы жазылған туындылардың бірі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл кітап кішкентай оқырмандарға арналса да үлкендер де сүйіп оқи алады. Алдағы уақыттары да аталған туындының бүкіл кітап сүйер қауымның көңілінен шығатынына сенімдемеміз.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
библиограф.
Түркістан облысы, Созақ ауданы

«Е-САЛЫҚ АЗАМАТ» мобильді қосымшасы арқылы артық/қате төлемдерді қайтарым жүргізу және есепке жатқызу тәртібі

Құрметті салық төлеушілер! «Е-салық Азамат» мобильді қосымшасы арқылы артық/қате төлемдерді қайтарым жүргізу және есепке жатқызу тәртібі келесідей:

1. Ол үшін Play market немесе App Store арқылы «Е-салық Азамат» қосымшасын жүктеп алу.
2. ЖСН тіркеп, бір реттік смс код арқылы

тіркелу.

3. Салық әмияны бойынша ақпарат.
4. Артық төлемдерді басқару сервисінен артық/қате төлемдерді есепке жатқызу немесе қайтару функциясын таңдау.
5. Есепке жатқызуға берілген жағдайда бюджеттік сыныптама коды, төлем тағайындау коды

және мемлекеттік кірістер басқармасының коды өтініште көрсетіледі.

6. Банктік есеп шотқа қайтарылатын жағдайда төлеушілердің есеп шоты, банктің атауы, қайтарылатын төлем сомасы, бюджеттік сыныптама коды көрсетіліп, Мемлекеттік кірістер басқармасы таңдау жасалып, салық өтініш жолданады.

Артық төлемдерді қайтару/есепке жатқызу мемлекеттік қызметтің мерзімі салықтық өтініш келіп түскеннен соң 5 жұмыс күнін құрайды.

М. БЕКЗАТҚАН
Қаратау ауданы бойынша МКБ Есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖШС «Экзинит», ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына 1 бөліміне сәйкес 2025 жылдың 7 ақпанынан бастап 2025 жылдың 14 ақпанына дейін «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, К.Цеткин көшесі 159 мекен-жайда «Көмір қоймасы» қолданыстағы нысанына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖК «Сюмбаева Р.А.», ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына 1 бөліміне сәйкес 2025 жылдың 7 ақпанынан бастап 2025 жылдың 14 ақпанына дейін «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, т.а. Тассай, 746 уч. мекен-жайда «Көмір қоймасы» қолданыстағы нысанына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Экзинит», в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 7.02.2025 по 14.02.2025 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к действующему объекту угольного склада расположенной по адресу: город Шымкент, Енбекшинский район, улица К.Цеткина 159. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Сюмбаева Р.А.», в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 7.02.2025 по 14.02.2025 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к действующему объекту угольного склада расположенной по адресу: город Шымкент, Карасатауский район, ж.м. Тассай, участок 746. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общее внеочередное собрание членов (пайщиков)

Производственного Кооператива «Сайрам Астык»
2 марта 2025 г. в 11:00
По адресу: г. Шымкент, м/н Бадам, ул. Кенесарина 7/3.

Повестка:
- Ознакомление с решением Межрайонного суда по гражданским делам г. Шымкент от 27 ноября 2024г. касательно протоколов общего собрания за № 1 от 25.08.2014г. и № 2 от 26.09.2014г.

- Утверждение состава членов ПК, исключение/включение участников, регистрация в НАО «Правительство для граждан»;
- Утверждение структуры состава руководства, трудовое участие членов ПК, назначение председателя ПК и членов наблюдательного совета;

- Юридический адрес, местоположение и контакты, изменение устава ПК;

*Публикация информации о дате, месте и времени проведения общего собрания в СМИ является публичной офертой и подлежит к принятию;

*Регистрация участников собрания пройдет с 10:00 до 11:00. Для регистрации необходимо предоставить документ удостоверяю-

щие личность, и иные документы (свидетельство на земельную долю, справка от ПК, свидетельство о наследстве, доверенность и т.д.). В случае передачи документов нотариусу для оформления наследства, просим предоставить справку об этом;

*При отсутствии возможности участвовать на собрании по причине форс-мажорных ситуаций, просим заведомо делегировать полномочия путем оформления доверенности на представление интересов. Так как, согласно закона о ПК: отказ от участия в общем собрании членов ПК без веских на то оснований будет признан как отказ от участия в деятельности ПК и права голоса при принятии решения;

*При себе иметь копии документов для передачи данных при регистрации в НАО «Правительство для граждан»;

*Согласно закона о ПК и устава ПК «Сайрам Астык» отсутствие трудового участия члена ПК в финансово-хозяйственной деятельности ведет к исключению из состава участников ПК;

*Все выше указанные требования необходимы для исключения всяческих споров и недоразумений, а также соблюдения законности. Просим отнестись с пониманием и ответственностью.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Шетелдік рұқсат бланкілерінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
ТОО «SAMIR TRANS LOGISTIK»
БИН: 220840048444

1. Латвия N736146
2. Латвия N736147
3. Грузия N24-387333
4. Грузия N24-387334

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 2/2. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс